

2015 жылғы 3-тоқсанға арналған кедейлік шегінің мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 маусымдағы № 499 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 маусымда № 11513 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 732 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 18.09.2015 № 732 (01.10.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 1-1-тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2015 жылғы 3-тоқсанға арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде а й қ ы н д а л с ы н .

2. «2015 жылғы 2 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 131 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10517 болып тіркелген және 2015 жылғы 11 сәуірдегі № 66 (27942) «Казахстанская правда» газетінде, 2015 жылғы 11 сәуірдегі № 66 (28544) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының назарына ж е т к і з у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Денсаулық</i>	<i>сақтау және</i>
<i>әлеуметтік даму министрі</i>	<i>Т. Дүйсенова</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК